

**Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы
2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша**

Сақтандыру сыйлықақылары


2007 жылғы жеті айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемінен 32,1%-ға көп болып, 87 971,7¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.08.2006ж.		01.08.2007ж.		01.08.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	66 580,7	100,0	87 971,7	100,0	32,1
Міндетті сақтандыру	8 227,4	12,4	10 624,9	12,1	29,1
Ерікті жеке сақтандыру	6 487,0	9,7	9 469,0	10,8	46,0
Ерікті мүліктік сақтандыру	51 866,3	77,9	67 877,8	77,1	30,9

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 29,1 %-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 46,0%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 30,9%-ды құрады.



Структура поступивших страховых премий, % - Келіп түскен сақтандыру сыйлықақылардың құрылымы, %
по обязательному страхованию – міндетті сақтандыру бойынша
по добровольному личному страхованию - ерікті жеке сақтандыру бойынша
по добровольному имущественному страхованию - ерікті мүліктік сақтандыру бойынша

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 42,6% (4 532,0 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін

¹ Сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлық ақыларын шегергенде көрсетіліп отыр. сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования

сақтандыру бойынша түскен, 34,3% (3 649,3 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 8,1% (856,2 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен.

ерікті жеке сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 43,7% (4 136,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 27,7% (2 618,9 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 18,2% (1 718,9 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 10,5% (994,9 млн. теңге) болып келеді;

ерікті мүліктік сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің мүлікті сақтандыру бойынша – 27,4% (18 612,3 млн. теңге), 41,2% (27989,8млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 18,0% (12 201,5 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,9% (4 000,6 млн. теңге) болды.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.08.2006ж.		1.08.2007ж.		1.08.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі %-бен	Сомасы	Үлесі %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	66 580,7	100,0	87 971,7	100,0	32,1
Өмірді сақтандыру	1 942,6	2,9	2 713,8	3,1	39,7
Жалпы сақтандыру	64 638,1	97,1	85 257,9	96,9	31,9


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2 713,8 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 39,7%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2,9%-ға қарсы 2006 жылғы 1 тамызда 3,1% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы жеті айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 85 257,9 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 31,9% -ға көп.

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"



Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"



Структура поступления страховых премий по отрасли «страхование жизни» - «өмірді сақтандыру» саласы бойынша келіп түскен сыйлықақылардың құрылымы

страхование жизни - өмірді сақтандыру
аннуитетное страхование – аннуитеттік сақтандыру

Структура поступлений страховых премий по отрасли «общее страхование» - «жалпы сақтандыру» саласы бойынша келіп түскен сыйлықақылардың құрылымы

страхование имущества – мүлікті сақтандыру
страхование от прочих финансовых убытков - басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру
страхование гражданско-правовой ответственности – азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
Обязательное страхование ГПО владельцев транспортных средств – көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру
Иные классы страхования – сақтандырудың өзге сыныптары

Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 38 438,0 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 43,7%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 31,7%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 12 601,0 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2 209,4 млн.теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.08.2006ж. на 1.08.2006г.		1.08.2007г. на 1.08.2007г.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	26 077,1	39,2	38 438,0	43,7
резидент еместерге	22 765,6	34,2	27 911,8	31,7
резиденттерге	3 311,5	5,0	10 526,2	12,0
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	138,9	0,2	2 209,4	2,5

млн. теңге

Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам – елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылардың құрылымы

Российская Федерация – Ресей Федерациясы
Швеция – Швеция
Великобритания – Ұлыбритания
Швейцария - Швейцария

Бермудские острова – Бермуд аралдары
 Франция – Франция
 Другие страны – басқа елдер
 Казахстан - Қазақстан
 Соединенные Штаты Америки – Америка Құрама Штаттары

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 94,7%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 2,1%, міндетті сақтандыру бойынша – 3,2% болды.

Сақтандыру төлемдері

2007 жылдың жеті айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 2,3 есе өсіп, 20 361,1² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 13,9% (2 839,0млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	1.08.2006ж. на 1.08.2006г.		1.08.2007ж. на 1.08.2007г.		1.08.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сумма	доля, %	сумма	доля, %	
	<i>млн. теңге</i>				
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	6 188,5	100,0	20 361,0	100,0	в 2,3 раза
Міндетті сақтандыру	2 764,3	44,7	2 930,2	14,4	6 %
Ерікті жеке сақтандыру	971,3	15,7	2 109,4	10,4	в 1,2 раза
Ерікті мүліктік сақтандыру	2 452,9	39,6	15 321,4	75,2	в 5,2 раза

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 62,0% (1 817,7 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 30,7% (898,7 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 6,2% (182,2 млн. теңге) болды.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 73,9% (1 559,5 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 12,2% (259,0 млн. теңге) және аннуитеттік сақтандыру бойынша – 8,1% (170,6 млн. теңге) төлемдер болды.

ерікті мүліктік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 87,8% (13 455,0 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 6,4% (986,7 млн. теңге), жүкті сақтандыру бойынша – 3,3% (506,1 млн. теңге) болды.

² Сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр
² сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование



Структура страховых выплат – сақтандыру төлемдерінің құрылымы
 По обязательному страхованию – міндетті сақтандыру бойынша
 По добровольному личному страхованию – ерікті жеке сақтандыру бойынша
 По добровольному имущественному страхованию – ерікті мүлктік сақтандыру бойынша

2007 жылдың жеті айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 66,0% -ы болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 41 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 6 - өмірді сақтандыру бойынша, 10 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 13 сақтандыру брокерлері және 39 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

2007 жылғы шілдеде Агенттік «Uni Finance сақтандыру брокері» ЖШС-не сақтандыру брокердің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берілді.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.08.2006ж. на 01.08.2006г.	01.08.2007ж. на 01.08.2007г.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	39	41
резидент еместердің қатысуымен	7	10
өмірді сақтандыру бойынша	4	6
Сақтандыру брокерлерінің саны	11	13
Актуарийлер саны	32	39

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 102 368,7 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.08.2006ж.	1.08.2007ж.	1.08.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	107 754,7	173 104,7	60,6
Міндеттемелер	47 685,6	70 736,0	48,3
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	40 114,4	59 776,2	49,0
басқа да міндеттемелер	7 571,2	10 959,8	44,5

Меншікті капитал (баланс бойынша)	60 069,1	102 368,7	70,4
-----------------------------------	----------	-----------	------

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 тамызда 173 104,7 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 тамыздағы осындай көрсеткіштен 60,6%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	млн. теңге				
	1.08.2006ж.		1.08.2007ж.		1.08.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	7 631,4	7,1	6 052,1	3,5	-20,7
Орналастырылған салымдар	18 411,4	17,1	49 515,9	28,6	в 2,7 раза
Бағалы қағаздар	53 583,2	49,7	80 467,0	46,4	50,2
«кері РЕПО» операциясы	9 797,3	9,1	14 467,3	8,4	47,6
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	8 364,6	7,8	11 525,3	6,7	37,7
Негізгі қаражат	2 081,2	1,9	3 953,9	2,3	90,0
Материалдық емес активтер	194,6	0,2	428,8	0,2	в 2,2 раза
Басқа дебиторлық берешек	3 076,7	2,9	3 957,3	2,3	28,6
Басқа активтер	4 614,3	4,2	2 736,9	1,6	-40,7
Активтер жиынтығы	107 754,7	100,0	173 104,7	100,0	60,6


Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 54,8% және сақтандыру төлемдерінің 74,0% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 51,7 % құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.08.06	01.08.07
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	52,9	54,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	76,0	78,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	48,7	74,0
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	74,9	86,8
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	55,0	51,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	57,7	54,4

Динамика активов, собственного капитала и чистых страховых резервов, млрд. тенге



Активы – активтер

Чистые страховые резервы – таза сақтандыру резервтері

Собственный капитал – меншікті капитал

Міндеттемелер. 2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 48,3% өсе отырып 70 736,0 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 59 776,3 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 тамызда қалыптасқан резервтер көлемінен 49,0% артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 33 534,7 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.08.2006ж.	01.08.2007ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	10 140 ³	12 464 ⁴
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,65 ⁵	0,71 ⁶
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,59	0,82
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,06	1,39
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	4 439	5 750

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ Статистика агенттігінің деректері бойынша

По данным Агентства по статистике

⁴ - Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2007 жылға арналған болжамдық деректері

прогнозные данные Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан на 2007 год

⁵ - 2007 жылғы қаңтар-шілде қабылданған сақтандыру сыйлықақылары
страховые премии, принятые за январь-июль 2006 года

⁶ - страховые премии, принятые за январь-июль 2007 года